

Қош келдің, Жылы, төрле!

№52 (20 917)
25 желтоқсан,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Instagram: @Atyrau.gazeti
Email: atyrau_gazeti@mail.ru
Facebook: Атырау газеті
Website: www.atr.kz
Telegram: «Атырау» газеті
Twitter: atyrau_gazeti
YouTube: Atyrau_news
Атырау жаңалықтары



Құрметті оқырман!

Тағы бір тағылымы мол, толғанысы терең жыл тарих қойнауына еніп, жаңа үміт пен жарқын армандарға жетелеген Жаңа жыл табалдырықтан аттауына санаулы күндер қалды. Өткен уақытты таразыласақ, бұл жыл да ел өміріндегі маңызды өзгерістермен, нақты нәтижелермен есте қалды.

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген еді. Осы бір мағынасы мәйекті сөзді бағдар еткен облыстық «Атырау» газеті де жыл бойы оқырманымен бірге уақыт тынысын тыңдап, ел ішіндегі өзекті мәселелерге үн қосуға талпынды. Қоғамды толғандырған түйткілдерді тасада қалдырмай, газет бетіне батыл жариялау біздің басты ұстанымымыз болды.

Баспасөзде көтерілген мәселелердің бірқатары шешімін тауып, оң бағытқа ұласқаны көңілге медет, ертеңге сенім ұялатады. Қай салаға көз салсақ та – әлеуметтік өмірде, инфрақұрылымда, қоғамдық кеңістікте, рухани ортада ілгерілеу бар, өсім бар, жаңару бар.

Жаңа жыл әр шаңыраққа береке мен бірлік, молишылық пен тұрақтылық әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, болашағымыз жарқын болсын!

Облыстық «Атырау» газетінің редакциясы

Коллажды жасаған: Дарын Мұхамбетшова

ГАЗЕТ ЖӘНЕ ОҚЫРМАН

4-5

Біз көтерген мәселе

Жұрттың бәрі сын айтқыш қой бүгінде. Оның біреуі біліп айтады, біреуі білмей айтады. Ал «Атырау» газеті журналистерінің басты ерекшелігі – қандай тақырыпты да тереңдей зерттеп, жауапты орындардан мәліметтер алып, жетесіне жеткізіп жазады. Облыстық басылымда көтерілген мәселелер шыныменен аз емес. ..

ХАЛЫҚ ҮНІ

6

Мұнай триллиондарының тағдыры: Ұтқан кім, ұтылған кім?

ЖАҢА ЖЫЛ

13

«Жылқы мінезді халықпыз»

Қазақ үшін жылқы – сенімді серік, кең даланың тынысын сездірген тіршілік иесі, ұлт болмысының ажырамас бөлігі. Жылқының дүбірімен қазақтың тарихы басталып, тұлпар тұяғымен тағдыры таразыға түскен. Сондықтан Қамбар атаның ұрпағын танып, оның бабын келтіретін атбегілік өнерге жай кесіп деңгейінде қарау ұлттық танымды тарылту болар еді.



Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары!

«Теңішевройл» ЖШС-нің көпұлтты ұжымы атынан сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке жүректерге жарқын үміт пен шабыт сыйлап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Аяқталып жатқан 2025 жыл біз үшін айтулы жетістіктер мен табыстарға толы болды. «Теңішевройл» компаниясы Келешек кеңею жобасын сәтті әрі қауіпсіз іске қосып, ел экономикасының дамуына және Қазақстанның тұрақты өркендеуіне елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, компаниямыз өңір тұрғындарының игілігі үшін бірқатар әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырды: Жылыой ауданында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеті ашылды, алты бірлік арнайы техника табысталды, ал Орталық аудандық аурухана үшін заманауи медициналық жабдық сатып алынды. Сондай-ақ, ТШО Қазақстанның отырып ойнайтын волейбол федерациясына спорттық жабдық пен шағын автобус сыйға тартты, ал Атырау қаласы Жаңаталап ауылының тұрғындары үшін дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды. Бұған қоса, компаниямыз үкіметтік емес ұйымдардың 20 әлеуметтік жобасын жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, осылайша өңірдің әлеуметтік өмірінің жандануы мен облыс тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға өз үлесін қосты.

Жаңа 2026 жыл бірлескен жобалар үшін жаңа мүмкіндіктер әкеліп, болашаққа деген ортақ сенімімізді нығайтсын! Сіздерге толағай табыс, істеріңізге береке, шаңырақтарыңызға шаттық пен амандық тілейміз. Жаңа жыл құтты болсын!

Уильям Лакоби,
«Теңішевройл» ЖШС
Бас директоры

Қуанышкерей Мұхтаров,
«Теңішевройл» ЖШС
Бас директорының орынбасары

2026

ЖАҢА ЖЫЛЫҢЫЗБЕН!

ГАЗЕТТІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ №1 САНЫ 8 ҚАҢТАР, БЕЙСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ